

**ПРЕСС-РЕЛИЗ**

25 ноября 2011 года

г. Алматы

**Председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Болат Акчулаков  
провел совещание по вопросам инновационного развития в группе  
компаний КМГ**

25 ноября т.г. в г. Алматы председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Болат Акчулаков провел совещание по вопросам инновационного развития в группе компаний КМГ. В его работе приняли участие управляющий директор по сервисным проектам Магзум Мирзагалиев, генеральный директор АО «Казахский институт нефти и газа» Узакбай Карабалин, ректор КБТУ Искандер Бейсембетов, генеральный директор АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова» Едил Ергожин, руководители структурных подразделений, специалисты АО НК «КазМунайГаз» и его дочерних компаний.

Для обеспечения инновационного развития нефтегазового комплекса была разработана Программа инновационно-технологического развития АО НК «КазМунайГаз» на 2011-2016 годы. Данная программа направлена на формирование условий для широкого использования ресурсосберегающих, экологически безопасных промышленных технологий для увеличения глубины переработки нефти, ассортимента продуктов, улучшения качества продуктов до уровня международных стандартов, увеличения запасов и нефтеотдачи месторождений, повышения объемов добычи, снижения издержек.

- Программой предусмотрены значительные средства на НИОКР и создание инновационного кластера. В этой связи залогом ее успешной реализации и ощутимым результатом является практическое внедрение передовых научно-технологических разработок на производстве, - отметил председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Болат Акчулаков. - Так как инновационная деятельность КМГ складывается из инновационной деятельности различных элементов и уровней, мы собрались сегодня здесь, чтобы наладить общие точки соприкосновения между наукой и бизнесом, обсудить существующие вопросы в сфере инновационного развития группы компаний КМГ, - добавил глава КМГ.

Так, в соответствии с Программой инновационно-технологического развития КМГ, расходы на НИОКР до 2016 года будут увеличены до 46 млрд.тенге. В основном затраты будут связаны с такими наукоёмкими направлениями, как повышение эффективности геологоразведочных работ, усовершенствование системы и технологий транспортировки нефти и газа, экология, энерго- и ресурсосбережение, повышение эффективности разработки месторождений с истощенными и трудноизвлекаемыми запасами в целях повышения нефтеизвлечения.

Кроме того, для создания инновационной инфраструктуры планируется дополнительно выделить порядка 43 млрд.тенге на строительство объектов Научно-исследовательского центра КИНГ и Института информационных технологий и нефтегазового инжиниринга КБТУ на территории СЭЗ «ПИТ «Alatau», а также создание опытно-промышленных площадок для испытания инновационных технологий повышения нефтеотдачи и увеличения производительности скважин на полигонах низкорентабельных месторождений.

В планах АО НК «КазМунайГаз» учреждение ежегодной премии 10 молодым казахстанским ученым по профильным специальностям КМГ и поддержка рационализаторских инициатив с целью стимулирования работников группы компаний КМГ по внедрению имеющихся научных разработок в производство.

---

*АО «Национальная компания «КазМунайГаз» - казахстанский национальный оператор по разведке, добыче, переработке и транспортировке углеводородов. 100 процентов акций АО НК «КазМунайГаз» принадлежит АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына».*

Қоғаммен байланыс қызметі	Служба по связям с общественностью	Public Relations Division
АО «Национальная компания «КазМунайГаз»	Республика Казахстан, 010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 <a href="http://www.kmg.kz">www.kmg.kz</a>	



**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

25 қараша 2011 жыл

Алматы қаласы

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Болат Ақшолақов  
ҚМГ компаниялар тобындағы инновациялық даму мәселелері  
бойынша кеңес өткізді**

Ағымдағы жылғы 25 қарашада Алматы қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Болат Ақшолақов ҚМГ компаниялар тобындағы инновациялық даму мәселелері бойынша кеңес өткізді. Оның жұмысына сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор Мағзұм Мырзағалиев, «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ бас директоры Ұзақбай Карабалин, КБТУ ректоры Искандер Бейсембетов, «А.Б.Бектуров атындағы химиялық ғылымдар институты» АҚ бас директоры Еділ Ерғожин, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес компанияларының құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері, мамандары қатысты.

Мұнай-газ кешенінің инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2011-2016 жылдарға арналған инновациялық-технологиялық бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарлама мұнайды қайта өңдеу тереңдігін, өнімдер ассортиментін ұлғайту, өнімдер сапасын халықаралық стандарттар дәрежесіне дейін жақсарту, кен орындарының қорлары мен мұнай қайтарымын ұлғайту, өңдеу көлемін арттыру, шығындарды азайту үшін ресурс үнемдейтін, экологиялық қауіпсіз өнеркәсіптік-технологиялық зерттеулерді кеңінен пайдалануға жағдайлар жасауға бағытталған.

- Бағдарламада ғылыми-зерттеу және тәжірибелілік-конструкторлық жұмыстарға және инновациялық кластерді құруға қомақты қаржы көзделген. Осыған байланысты өндірісте алдыңғы қатарлы ғылыми технологияларды енгізу оның сәтті іске асырылуы және көрнекі табысы болып табылады, - деп, атап өтті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Болат Ақшолақов. - ҚМГ инновациялық қызметі әр түрлі элементтер мен деңгейлердің инновациялық қызметінен құралатындықтан, біз бүгін осы жерде ғылым мен бизнестің арасындағы ортақ жанасуды жолға қою, ҚМГ компаниялар тобындағы инновациялық даму саласындағы мәселелерді талқылау үшін жиналды, - деп, қосты ҚМГ басшысы.

Мәселен, ҚМГ инновациялық-технологиялық даму бағдарламасына сәйкес 2016 жылға дейін ғылыми-зерттеу және тәжірибелілік-конструкторлық жұмыстар шығындары 46 млрд. теңгеге дейін өседі. Негізінен шығындар геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін арттыру, мұнай және газ тасымалдау жүйесін және технологияларын жетілдіру, экология, энерго- және ресурс үнемдеу, мұнай қайтарымын көтеру мақсатында тозған кен орындарын өңдеу тиімділігін арттыру сияқты ғылыми ауқымды бағыттармен байланысты болады.

Бұдан басқа инновациялық инфрақұрылым құру үшін «ПИТ «Alatau» арнайы экономикалық аймақ аумағында ҚМГИ Ғылыми-зерттеу орталығының және КБТУ Ақпараттық технологиялар және мұнай-газ инжиниринг институтының объектілерін салуға, сондай-ақ мұнай қайтарымын арттыратын инновациялық технологияларды сынақтан өткізу үшін тәжірибелілік-өнеркәсіптік алаң жасауға 43 млрд. теңге шамасында қосымша қаражат бөлу жоспарлануда.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ҚМГ бейіндік мамандығы бойынша 10 жас қазақстандық ғалымдарға жыл сайынғы сыйлықақы тағайындауды және ҚМГ компаниясы тобының қызметкерлерін ынталандыру мақсатында ғылыми зерттеулерді өндіріске енгізу бойынша өнертапқыштық бастамаларды қолдауды жоспарлап отыр.

*«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.*

Қоғаммен байланыс қызметі	Служба по связям с общественностью	Public Relations Division
<b>«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ</b>	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 <a href="http://www.kmg.kz">www.kmg.kz</a>	